

Бестамақ ауылының көшелерін қайта атау және жаңа көшелерге атау беру туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Бестамақ ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 13 сәуірдегі N 18 шешімі. Ақтөбе облысының Алға аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 18 мамырдағы N 3-3-77 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Бестамақ ауылдық округі әкімінің 24.07.2019 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және Бестамақ ауылы халқының пікірін ескере отырып, Бестамақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Ақтөбе облысы Алға ауданы Бестамақ ауылдық округі әкімінің 24.07.2019 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Бестамақ ауылының төмендегі көшелерінің атаулары:

"Магистральный" көшесінің атауы – "Есет батыр" көшесі деп;

"Центральный" көшесінің атауы – "Бөкенбай батыр" көшесі деп;

"Железнодорожный" көшесінің атауы – "Темір жол" көшесі деп өзгертілсін.

Бестамақ ауылының солтүстік-шығыс бөлігіндегі жаңадан құрылған көшелерге төмендегідей атау берілсін:

№ 1 көшеге – "Жеңіс" көшесі;

№ 2 көшеге – "Достық" көшесі.

2. Бестамақ ауылдық округі әкімінің 13 наурыз 2009 жылдағы № 14 шешімінің күші жойылсын.

3. Шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Бестамақ ауылдық
округінің әкімі*

Т. Исенов